

Кожамбеков Д.Р.

Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен конституциялық-құқықтық тәжірибесі

Мақалада Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен конституциялық-құқықтық тәжірибесі қаралады. «Лаицизм», «зайырлылық», «зайырлы мемлекет» түсініктеріне құқықтық талдау жасалады. Сонымен қатар Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы зерттеледі. Мақала пәнаралық сипатқа ие. Автор Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуындағы теориялық және тәжірибелік мәселелерді зерттейді. Сонымен қатар Франциядағы қазіргі заманғы дін мен мемлекеттің арақатынасын сипаттап конституциялық-құқықтық реттеудің маңызына тоқталады. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына Францияның зайырлы мемлекет үлгісінің ықпалын қарастырады.

Түйін сөздер: Франция, лаицизм, Франция зайырлы мемлекет, Франция конституциясы, зайырлылық, зайырлы мемлекет, мемлекет пен діннің арақатынасы, мемлекет пен діннің бөліну қағидасы.

Kozhambekov D.R.

Formation of France as a secular state and constitutional-legal experience

The article deals with the formation of France as a secular state and the constitutional – legal experience. Analyzes the legal concept of «laicism» «Secularism», «secular state». We consider the formation of France as a secular state. The article has an interdisciplinary nature. The author examines the theoretical and practical problems of becoming France as a secular state. And also it gives a description of the current state of relations between the state and religion in France. The significance of the constitutional-legal regulation. Analyze the features of influence of the French model of laicism in the formation of Kazakhstan as a secular state.

Key words: France, France as a secular state, Constitution of France, secularism, secular state, the relationship between state and religion, separation of state and religion.

Кожамбеков Д.Р.

Становления Франции как светского государства: конституционно-правовой опыт

В статье рассматривается становление Франции как светского государства и конституционно-правовой опыт. Анализируются правовые понятия «лаицизм», «светскость», «светское государство». Дается характеристика современного состояния отношения между государством и религией во Франции, заимость конституционно-правового регулирования, анализируются особенности влияния Французской модели светскости на формирование светского государства в Республике Казахстан. Статья имеет междисциплинарный характер.

Ключевые слова: Франция, лаицизм, Франция как светское государство, Конституция Франции, светскость, светское государство, отношения между государством и религией, разделение государства и религии.

**ФРАНЦИЯНЫҢ
ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ
РЕТІНДЕ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТӘЖІРИБЕСІ**

Орта ғасырларда шіркеу Еуропа мемлекеттерінің саяси билігімен қатар, ғылым, мәдениет, өнер салаларын өз бақылауында ұстаған еді. Алайда халық арасынан саяси-қоғамдық өмірге өзіндік көзқарасы қалыптасып, демократиялық құндылықтарды мұрат тұтатын, құқықтық санасы қалыптасқан, мәдениетті, еркін, озық ойлы тұлғалар саны арта түсті. Дін өкілдері мен қоғам қайраткерлерінің арасындағы тартыс ұзаққа созылады. Адамзат қоғамы дамуының тағы бір тарихи кезеңінде адам құқығын қорғау тағы бір жетістікке жетеді. Христиандық католицизмді қасиетті кітап Інжілге сай қайта құрамыз деген, мақсатпен XVI ғ. – XVII ғ. басында Батыс және Орталық Еуропадағы діни сипат алған қоғамдық-саяси қозғалыс «Реформация» мен Франциядағы 1789 жылғы төңкерістен кейін діни таптық жүйе ыдырап, шіркеу қызметкерлері мен діндарлар қарапайым азаматтармен теңестірілді. Сонымен қатар католик шіркеуі өз үстемдігінен айрылып, дін мемлекеттік билікке араласпайтын болды.

Франция дін пен мемлекет арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу механизмін демократиялық, құқықтық қағидаларға сай жүйелі жолға қоя білген өркениетті мемлекет. Сол себепті Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасу тәжірибесін көптеген мемлекеттер өз елдеріне үлгі ретінде енгізген. Мысалы: Түркия мемлекеті зайырлылықтың француздық үлгісі «лаицизмді» үлгі етіп алады. Түрік тілінде зайырлылық «laiklik» термині (лаиклик) француз тілінен енген кірме сөз. Мемлекеттің дінге қатысты ұстанымын айқындайтын «laiklik» терминін Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекеттік басқару саласын реформалау барысында Түркияның конституциясына енгізген еді.

Қазақ тіліндегі «зайырлылық» ұғымын ағылшын тіліндегі – «secularism» (секуляризм), француз тілінде – laïcité (лаицизм), орыс тілінде – «светскость» терминдерінің баламасы – деп, қабылдаймыз. Лаицизм қағидасы негізінде «мемлекеттік билікке дін араласпайды және дін ісіне де мемлекет араласпайды». Лаицизм – мемлекет тарапынан ешбір дінге қолдау көрсетпей, мемлекеттің дінге қатысты ұстанымының бейтарап екендігін білдіреді. Француз тіліндегі «лаицизм» термині бастауын ежелгі грек тілінен алады, грекше «λαός» – халықтық, қарапайым халық

арасынан шыққан-діндар адам емес» – деген мағынаға келеді. Латыншада «laicus-lāikós» – қасиет дарымаған, сауатсыз, қарапайым адам деген мағынаға келеді. Рим империясында діни адамды клерик «clericus» – деген болса, діндар емес адамды «laici» – деп, атаған. Қос терминнің тарихи дамуының нәтижесінде католиктік Еуропа мен англосаксондық Еуропа арасында бір нюанс пайда болды. Католик елдерде лаицизм, ал басқаларында секуляризм орын алды. Лаицизмде дін мемлекеттің бақылауында болса, секуляризмде дін мен мемлекет бір-бірінен тәуелсіз сала болып табылады [1].

Қазіргі кезде лаицизм мен секуляризм ұстанымдарына қатысты ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар. Екі термин мағыналарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қатысты пікірлердің алуан болуы заңдылық – деп, ойлаймыз. Себебі зайырлылық ұғымына қатысты заң ғылымында ғылыми ортамен орныққан ортақ анықтама не құқықтық түсіндірме жоқ деуге болады. Зайырлылық ұстанымының құқықтық ұғымы, анықтамасы мен белгілері қалыптаспаған тәрізді. Әсіресе зайырлылық ұғымының конституциялық қағида немесе құқықтық норма ретінде қолданылуында құқықтық түсіндірмені қажет етеді. Бұл ретте зайырлылық ұғымына қатысты әлеуметтік, қоғамдық сала ғалымдары тарапынан, оның ішінде заңгерлер тарапынан құқықтық анықтамасын беру бірнеше факторларға тәуелді тәрізді. Олар: мемлекеттің дінге қатысты саяси-құқықтық ұстанымына; қоғамдағы діннің орны, маңызы мен белсенділігіне байланысты; халықтың діни және құқықтық сауаттылығына қатысты. Осы ретте отандық ғалымдар арасынан мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеу саласын зерттеп жүрген құқықтанушы Мұхан Исаханнның Францияның зайырлылық үлгісіне қатысты сыни-пікірі: «Классикалық зайырлылық» дегеніміз осы «лаицизмнен» келіп шыққан ... Қазақстан Республикасы 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы Заңды қабылдағанда осы «классикалық зайырлылықты» ұстануға бет бұрыс жасады. «Классикалық зайырлылық» жергілікті мемлекет құрушы халықтың тарихи тәжірибесі мен діни салт-санасын негізге алмайды. «Мемлекеттік билікке дін араласпағаны секілді дін ісіне де мемлекет араласпайды» – деген қасаң қағиданы басшылыққа алады. Ал, оның әсерінен мемлекеттің саясатына араласпайтын бір-біріне қарама-қайшы бірнеше діни ағымдар бір территорияда өмір сүруі мүмкін. Осы жағын

ескергенде, «классикалық зайырлылықтың» біздің еліміз үшін пайдалы жақтарымен бірге тиімсіз тұстары да бар екенін аңғарамыз – деген [2] пікірімен келісуге болады. Дәлел ретінде соңғы жылдары елімізде дәстүрлі емес жат діни ағымдар көбейіп кетті. Діни көзқарастары мен ұстанымдары қарама-қайшы, халықтың рухани мұрасымен үйлеспейтін жат діни ағымдар Қазақстан халқы мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі ерекше маңызға ие ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандыққа құрметпен қарамайды.

Қазіргі заманғы Францияның құқықтық тәжірибесінде алғаш рет дін мен мемлекет арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу 1905 ж. 9 желтоқсанда қабылданған «Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі туралы» заңынан бастау алады. Осы нормативтік құжат арқылы Франция Республикасы қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыруға тағы бір қадам жасады. Бір қызығы «Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі туралы» заңында «зайырлылық» ұстанымы мен «шіркеудің мемлекеттен бөлінуі» қағидасы турасында құқықтық норма жоқ еді. «Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі» қағидасы тек заңның атауында ғана болды.

Ал «зайырлылық» ұстанымы 40 жылдан соң ғана конституциялық норма ретінде 1946 жылғы Конституцияда бекітілді. Осы Конституцияға сәйкес: «Франция – біртұтас, зайырлы, демократиялық, әлеуметтік Республика» [3]. Конституция жобасын әзірлеу барысында осы ұсынысты коммунистік партия өкілі Этьен Фажон жасаған еді.

Конституциялық Ассамблея мүшелері зайырлылықты өзінше түсініп, әртүрлі талқылағанымен Этьен Фажон ұсынысын бірауыздан қабылдады. Коммунистер үшін «зайырлылық» атеизмге ұқсастай көрінді. Олар зайырлылықты шіркеудің мемлекеттен бөлінуі және әркімнің жеке өмірлік мәселесі – деп қабылдады. Ал Конституциялық комиссия төрағасы Андрэ Филип үшін «зайырлылық» әртүрлі діни-сенім өкілдерінің өмір сүруі үшін қажетті ар-ождан бостандығының кепілі ретінде қарады. Республикалық халық қозғалысы партиясының мүшесі Морис Шуман «зайырлылықты» мемлекеттің бір дінді қолдауынан бас тартуы және дінге қарсы бағытталмаған, антиклерикалды емес – деп түсінді.

Қазіргі қолданыстағы Францияның 1958 жылғы Конституцияның 1-ші бабына сәйкес: «Франция – біртұтас, зайырлы, демократиялық, әлеуметтік Республика. Тегіне, нәсіліне, дінге

көзқарасына қарамастан барлық азаматтардың заңның алдында теңдігін қамтамасыз етеді. Барлық наным-сенімді құрметтейді» – деп, көрсетіледі [4]. Бұл Конституцияның жобасын әзірлеу барысында «зайырлылық» ұстанымы ұғымына қатысты ортақ көзқарас болмағанына қарамастан, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен білікті заңгерлер тарапынан құқықтық-сараптамалық талқылау болған жоқ.

Франция Конституциясы зайырлылық қағидасына ешқандай құқықтық анықтама бермейді. Францияда зайырлылық қағидасына қатысты алғаш ресми, мемлекеттік деңгейде құқықтық анықтама беруге ұмтылыс 2004 жылы жүзеге асады. Бұл шара 1905 жылғы «Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі туралы» заңының жүз жылдығы қарсаңында Мемлекеттік Кеңестің «Жария есебіндегі» «Зайырлылық туралы ой-пікір» – атты бөлімде көрініс табады. Осы «зайырлылық туралы ой-пікір» бөлімде *laïcité* – лаицизм ұғымын латын тілінен басқа тілге аударуға болмайды, себебі тек француздық мәнге ие – деп, көрсетіледі. Сонымен қатар «зайырлылық» терминіне қатысты келісілген ортақ ұғым мен құқықтық анықтамасы жоқ екенінде мойындайды [5, 21 б].

Мемлекеттік Кеңестің «Жария есебінде» зайырлылық ұстанымы кемінде төмендегі үш қағидаға сүйену керек, олар: мемлекеттің дінге қатысты бейтараптығы; діни еркіндік; діни әралуандылықты құрметтеу – деп, көрсетеді [6, 272 б.]. Алайды осы ресми құжатта «діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі», «мемлекет тарапынан ресми дін ретінде мойындамау», «мемлекет тарапынан діни конфессияларды қаржыландырмау» – тәрізді қағидалар болмады. Сонымен қатар қазіргі кезде «мемлекеттің дінге қатысты бейтараптығы» (нейтралды) мен «діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі» қағидалары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылыққа қатысты түрлі пікірлер бар. Әрине жоғарыдағы екі қағида синоним емес екені мәлім. Егер мемлекеттің дінге қатысты бейтараптығы қағидасында мемлекет пен дін ынтымақтаса, өзара ықпалдастықта жәрдем беруі мүмкін. Ал мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінуі қағидаты жағдайында мемлекет пен дін арақашықтықты сақтап, бір-бірінен ұзақ болуға

ұмтылады. Бірінші қағида жұмсақ, екіншісі қағида қатқыл қарым-қатынасқа себеп болатындай. Бұл діни бірлестіктерге қаржылай қолдау көрсету арқылы және білім беру мекемелерінде діни символикаларға тыйым салу тәжірибесінің қажетті жағдайда мемлекет пен қоғам мүддесіне сай қолдануға болатындығын көрсетеді. Мемлекет пен діннің қоғам мүддесі үшін ортақ келісімге келуі 1801 жылғы Конкордаттық үлгі негізінде еліміз үшін тиімді тұстары бар. 2004 жылы Францияда мектептер мен оқу орындарында діни символикаларды киіп тағып жүруге қарсы заң қабылданды. Ислам діни өкілдері арасында бұл норма қыздардың хиджап киюіне қатысты наразылық тудырды. Осы кезеңде лаицизмнің адамдардың діни-нанымы мен ар-ождан бостандығына құқығын қорғау мен христиандық құндылықтарға негізделген Франция халқының құқықтық санасы арасында пікір қайшылықтары мен идеологиялық тартыстар көрініс берді.

Қорыта келе мақала авторы Францияның зайырлылық ұстанымы, конституциялық-құқықтық тәжірибесі Қазақстан Республикасында мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу механизмін жетілдіруге негіз болады. Елімізде қордаланған мәселелердің бірі дін мәселе екенін ескеріп, мемлекет тарапынан қабылданған оң шешімдер 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң және 2016 жылы құрылған «Дін істері және азаматтық қоғам» министрлігі болды. Қазақстанда құрылған жаңа министрлік Францияның зайырлы мемлекет қалыптастыру тәжірибесін ұтымды пайдалып, Қазақстанның өзіндік зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыратынына сенеді. Мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуде Атазаңымыздың өз мүмкіншілігі жойыла қойған жоқ. Бұл жөнінде заңгер ғалым З.Ж. Кенжалиевтің пікірі: «Конституцияны басқа елдердің ата заңдарына қарап сырттан өзгерту немесе соларға еліктеп, тыраштанып түзету емес. Бұл ел Конституциясының өз еркімен кемелдене түсу, өз ішкі мүмкіндіктерін ұтымды аша және пайдалана білу» – деп, ұғынған жөн [7, 6 б.]. Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы тәжірибесімен қатар халқымыздың рухани, мәдени мұрасын ескеру қажет.

Әдебиеттер

- 1 Баймаханов Б. Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы қызметкерлерінің мақалалар жинағы. – Астана, 2015. – 46 б.
- 2 Исахан М. «Классикалық зайырлылық» елімізге қауіпті ме әлде пайдалы ма? <http://www.e-islam.kz//03.06.2015> ж.

- 3 Кублицкий Ф.А. Конституции буржуазных государств Европы. – М., 1957. – 947 с.
- 4 Маклаков В.В. Конституции зарубежных стран. – М., 2000. – 32 с.
- 5 Шахов М.О. Религия и право. К вопросу о правовом соотношении принципа светскости государства и принципа отделения от него религиозных объединений в современной Франции. – М., 2014. – № 69. – 19-24 б.
- 6 Rapport public du Conseil d'Etat: Un siècle de laïcité-Rapport public. 2004. 272 p.
- 7 Кенжалиев З.Ж. // ҚазҰУ Хабаршысы, заң сериясы. – Алматы, 2005. – № 35. – 3-6 б.

References

- 1 Bajmahanov B. Din мәseleleri zhөnindegі rylimi-zertteu zhөne taldau ortalyғy kyzmetkerleriniң makalalar zhinary. – Astana, 2015. – 46 b.
- 2 Isahan M. «Klassikalық zajyrlylyқ» elimizge kauipti me әlde pajdaly ma? <http://www.e-islam.kz//03.06.2015 zh>.
- 3 Kublickij F.A. Konstitucii burzhuznyh gosudarstv Evropy. – M., 1957. – 947 s.
- 4 Maklakov V.V. Konstitucii zarubezhnyh stran. – M., 2000. – 32 s.
- 5 Shahov M.O. Religija i pravo. K voprosu o pravovom sootnoshenii principa svetskosti gosudarstva i principa otdelenija ot nego religioznyh ob#edinenij v sovremennoj francii. – M., 2014. – № 69. – 19-24 b.
- 6 Rapport public du Conseil d'Etat: Un siècle de laïcité-Rapport public. 2004. 272 r.
- 7 Kenzhaliev Z.Zh. ҚазҰУ Habarshysy, Заң serijasy. – Almaty, 2005. – № 35. – 3-6 b.